

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 28 сәуір N 127 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 16 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1574. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 24 Қаулысымен.

Сақтандыру заңнамасын жетілдіре түсу мақсатында Қазақстан Республикасы
Ұ л т т ы қ Б а н к і н ің Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 V001080_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және осы қаулымен бірге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.).

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15

ақпандағы N 33 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының 2001 жылғы 28 сәуірдегі
N 127 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі
нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысымен бекітілген Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Нұсқаулықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полисін ресімдеу жөніндегі нұсқаулық"

Барлық мәтін бойынша:

"сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын)", "сақтандыру куәлігі (полисі, сертификаты)" "сақтандыру куәлігінің (полисінің, сертификатының)", "сақтандыру куәлігінде (полисінде, сертификатында)" деген сөздер "сақтандыру полисін", "сақтандыру полисі" "сақтандыру полисінің", "сақтандыру полисінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2 - тармақта:

"Банкіне" деген сөзден кейін (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) деген

сөздермен

толықтырылсын;

"Ережелерде сақтандыру түрлері бойынша" деген сөздер "сақтандыру ұйымының сақтандыру ережелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3. 3 - тармақта:

қазақ тілінде "болуы тиіс" деген сөздер өзгермейді.

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына

уәкілетті мемлекеттік орган берген мемлекеттік лицензияның берілген күні, сериясы және номері туралы мәліметтер;"

6) тармақшадағы "сақтандыру өтемін төлеу" деген сөздер "сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сақтандыру сыйлықақысының (егер ақы мәулетпен төленетін болса, сақтандыру жарнасының) мөлшері, оны төлеудің тәртібі мен мерзімі;"

екінші бөлікте:

қазақ тілінде "берсе" деген сөз өзгермейді.

"(өкілдік)" деген сөз алынып тасталсын;

"делдал (агент, брокер)" деген сөздер "агент" деген сөзбен ауыстырылсын;

қазақ тілінде "болуы тиіс" деген сөздер өзгермейді.

"(өкілдік)", "сақтандырушы брокер" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "куәліктің (полистің, сертификаттың)" деген сөздер "сақтандыру полисінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4. 4-тармақта "куәлік (полис, сертификат)" деген сөздер "сақтандыру полисі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5. 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру полистерінің бланкілерін полиграфия өнімін шығару қызметін жүзеге асыратын заңды т ұ л ғ а л а р ж а с а й д ы .

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру полистерінің бланкілерін жалған бланкі жасаудан қорғаудың кемінде үш дәрежесі, олардың ішінде міндетті түрде микротекст, УК-сәулелендіру арқылы байқалатын көзге көрінбейтін элемент және тангер сеткасы болуы тиіс.

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру талондарының бланкілерін жалған бланкі жасаудан қорғаудың кемінде екі дәрежесі, олардың ішінде міндетті түрде микротекст және тангер сеткасы болуы тиіс. Сақтандыру

талонының бланкіне мынадай жазба жасалуы тиіс: "____жылғы "___ N___ сақтандыру полисіне берілген сақтандыру талоны".

Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру полистері мен талондарының бланкілерін бағалы қағаздар бланкілерін шығаруға лицензиялары болған жағдайда жоғарыда аталған заңды тұлғалар шығара алады. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру полистері мен талондарының бланкілерін бағалы қағаздар бланкілерін шығаруға лицензиялары жоқ заңды тұлғалардың шығаруына мынадай талаптар сақталған жағдайларда ж о л б е р і л е д і .

Сақтандыру ұйымы осы тұлғалар ұсынған, баспаханалық әдіспен дайындаған сақтандыру полисі мен талоны бланкілерінің үлгілерінде жалған бланкі жасаудан қорғаудың барлық элементтерінің бар екендігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның тиісті бөлімшесінің қорытындысын алғаннан кейін ғана сақтандыру полисінің және оған берілетін талонның әр түрінің таралымын бағалы қағаздар бланкілерін шығаруға лицензиясы жоқ заңды тұлғалардың дайындауына (шығаруына) болады. Мұндай жағдайда уәкілетті мемлекеттік органның аталған бөлімшесі берілген қорытындылардың, сақтандыру полистері мен оған берілетін талондардың есебін жүргізеді және қорытынды берілген үлгілерге сәйкес дайындалатын полистер мен оған берілетін талондарға номер береді.

Осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін сақтандыру полистері мен талондарын бергені үшін сақтандыру ұйымдарына уәкілетті мемлекеттік органдар сақтандыру туралы заңдарда көзделген санкцияларды қолданады."

6. 6-тармақта "қазақ" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен

ауыстырылсын;

7. 7-тармақта "сақтандыру төлемінің" деген сөздер "сақтандыру сыйлық-ақысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8. 9-тармақта:

"Куәліктің (полистің, сертификаттың)" деген сөздер "Сақтандыру полисінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"делдал (агент, брокер)" деген сөздер "агент" деген сөзбен ауыстырылсын;

"талаптарымен" деген сөз "ережелерімен" деген сөзбен ауыстырылсын;

9. 12-тармақта "тәртібін сақтандыруды қадағалауға уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді" деген сөздер "тәртібі заңдарда айқындалады" деген сөздермен ауыстырылсын.

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Балабекова Г.Ғ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК